

## Шал ақын ауданы Городецк ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Городецк селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 13-14-115 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тілдегі деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосы" деген сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Городецк селолық округі әкімінің 26.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35-бабы 2-тармағына, 37-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Городецк ауылдық округі азаматтарының қоғамдық кеңесінің шешімін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Городецк ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.

1) Городецкое ауылы бойынша:

- бірінші көшеге – Приозерная;
- екінші көшеге – Садовая;
- үшінші көшеге – Центральная;
- төртінші көшеге – Молодежная;
- бесінші көшеге - Степная;
- бірінші тұйық көшеге – Солнечный;
- екінші тұйық көшеге – Спортивный.

2) Коноваловка ауылы бойынша:

- бірінші көшеге – Центральная;
- екінші көшеге – Степная;
- үшінші көшеге -Береговая.

3) Баганаты ауылы бойынша:

- бірінші көшеге – Школьная;
- екінші көшеге – Центральная.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК